

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының Шу және Талас өзендеріндегі мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану жөніндегі комиссиясы туралы ережені бекіту туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 желтоқсандағы N 1260 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының Шу және Талас өзендеріндегі мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану жөніндегі комиссиясы туралы ережені бекіту туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің төрағасы Анатолий Дмитриевич Рябцевке Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының Шу және Талас өзендеріндегі мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану жөніндегі комиссиясы туралы ережені бекіту туралы хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының Шу және Талас өзендеріндегі мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану жөніндегі комиссиясы туралы ережені бекіту туралы хаттама

Бұдан әрі - Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі,

2000 жылғы 21 қаңтарда Астана қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Шу

және Талас өзендеріндегі мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) 5-бабын іске асыру мақсатында төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Шу және Талас өзендеріндегі мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану саласындағы ынтымақтастықты кеңейту және тереңдету үшін Тараптар осы Хаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын, Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының Шу және Талас өзендеріндегі мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстары, пайдалану жөніндегі комиссиясы туралы ережені бекітеді.

2-бап

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Хаттаманың ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін болады.

Даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер мен өзара консультациялар арқылы шешетін болады.

3-бап

Осы Хаттама Келісімнің қолданылу мерзіміне жасалады.

Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

200__ жылғы _____ қаласында қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде бір түпнұсқа данада жасалды.

Қазақстан Республикасының

Қырғыз Республикасының

Үкіметі атынан

Үкіметі атынан

2005 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен

Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының

Шу және Талас өзендеріндегі мемлекетаралық

пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын

пайдалану жөніндегі комиссиясы туралы ережені

бекіту туралы хаттамамен бекітілген

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының Шу және Талас өзендеріндегі мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану жөніндегі комиссиясы туралы ереже 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының Шу және Талас өзендеріндегі мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану жөніндегі комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) 2000 жылғы 21 қаңтарда Астана қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Шу және Талас өзендеріндегі мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) 5-бабына сәйкес құрылады.

2. Комиссия Келісімнің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін құрылады.

3. Комиссия өз жұмысында Келісімді негізге алады және осы Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының Шу және Талас өзендеріндегі мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану жөніндегі комиссиясы туралы ережені (бұдан әрі - Ереже) басшылыққа алады.

4. Ереже Комиссияның Шу және Талас өзендеріндегі мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын ұтымды пайдалануда Тараптардың ынтымақтастығын ұйымдастыру жөніндегі жұмысының қағидаттары мен тәртібін р е г л а м е н т т е й д і .

5. Осы Ереже Комиссияның негізгі міндеттері мен функцияларын, құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ Келісімге сәйкес Тараптардың ынтымақтастығын ұйымдастыру үшін негізгі рәсімдік әрекеттерді белгілейді.

2. Комиссияның қызмет саласы

6. Тараптар Қырғыз Республикасының меншігіндегі мынадай су шаруашылығы құрылыстарын :

- 1) Шу өзеніндегі Орта - Тоқай су қоймасын;
- 2) Быстров СЭС-інен бастап Тоқмақ қаласына дейінгі Шу өзеніндегі темірбетонды айналма арналарды ;
- 3) Батыс және Шығыс Үлкен Шу арнасын құрылыстарымен бірге;
- 4) Шу өзеніндегі Шөміш су торабын;
- 5) Талас өзеніндегі Киров су қоймасын мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарына жатқызады.

3. Комиссияны құрудың жалпы қағидаттары

7. Комиссия басым жағдайда құрылады және Тараптар тағайындайтын екі тең төрағаның басшылығымен жұмыс істейді.

Комиссия мүшелерінің құрамы Тараптардың тең өкілеттік қағидатымен анықталады.

8. Комиссия Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын тең төраға мен оның мүшелерінен тұратын Комиссияның қазақстандық бөлігінен және Қырғыз Республикасының Үкіметі тағайындайтын тең төраға мен оның мүшелерінен тұратын Комиссияның қырғыз бөлігінен тұрады.

9. Комиссияның тең төрағалары мен мүшелері бірдей құқыққа ие.

10. Комиссия қызметінің негізгі нысаны жылына кемінде екі рет өткізілетін отырыстар болып табылады.

4. Комиссияның негізгі міндеттері

11. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) Тараптардың Келісімді орындау жөніндегі қызметін үйлестіру және қарау;

2) Тараптар мемлекеттері халқының және экономикасы объектілерінің су ресурстарына қажеттілігін ескере отырып, су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану жөніндегі бірлескен шараларды әзірлеу және іске асыру;

3) әділетті және орынды негізде өзара тиімділікке қол жеткізу мақсатында су объектілерінің жағдайын кешенді бағалау және болжамдау, олардың су ресурстарын п а й д а л а н у д ы р е т т е у ;

4) су тұтыну және су тарту, судың есебі мен өлшемінің нормативтік көрсеткіштерін, сондай-ақ гидрологиялық мониторинг енгізу әдістерін келісу;

5) мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы объектілерін пайдалануды ұйымдастыру тәртібін регламенттейтін құжаттарды және осы объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жөндеу-пайдалану жұмыстарын, техникалық қызмет көрсетуді, тасқын суға қарсы және басқа да іс-шараларды қаржыландыруға үлестік қ а т ы с у д ы к е л і с у ;

6) су қоймаларының жұмыс режимдерін келісу және су тұтынушылардың нақты сулылығы мен қажеттілігіне қарай режимдер мен лимиттерді түзетуді жүзеге асыру;

7) төтенше жағдайларда бірлескен іс-қимылдар тәртібін белгілеу, тасқын су өткізу және топан суға, селдер мен басқа да табиғи дүлей апаттарға қарсы күрес жөніндегі і с - ш а р а л а р д ы ү й л е с т і р у ;

8) Шу және Талас өзендерінің алаптарында гидрологиялық болжамдармен, су шаруашылық, экологиялық жағдай туралы мәліметтермен және басқа да ағымдағы әрі жедел ақпаратпен алмасуды ұйымдастыру;

9) Шу және Талас өзендері алаптарында мониторинг және суды есепке алу жалпы алаптық жүйесін қалыптастыру мақсатында су объектілерінің мониторингі, суды

есепке алу және гидротехникалық құрылыстар, су кадастры бағдарламаларын келісу
ж ә н е ү й л е с т і р у ;

10) Шу және Талас өзендері мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы объектілерін пайдалану, оларға техникалық қызмет көрсету және олардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша бірлескен ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді ұйымдастыру, сондай-ақ су ресурстарын реттеу, ұтымды пайдалану және қорғау;

11) Комиссияның қызметіне жататын басқа да мәселелерді қарау.

5. Комиссияның өкілеттіктері

12. Комиссия, оған Келісімде және осы Ережеде жүктелген мемлекеттік және жергілікті билік органдарымен және ұйымдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, қоғамдық бірлестіктермен және азаматтармен өзара іс-қимылда өкілеттіктерін жүзеге асырады.

13. Комиссия өз жұмысында су құрылыстарын, суармалау жүйелерін, арналар мен су тартқыштарды қоса алғанда, су бөлу қағидаттары мен құрылымын сақтай отырып, Шу және Талас өзендері алаптарындағы су ресурстарын мемлекетаралық бөлу бойынша бұрын әзірленген және бекітілген ("1983 жылғы Шу өзені ағындыларын бөлу туралы ереже", "1983 жылғы Талас өзені ағындыларын бөлу туралы ереже", "1948 жылғы Күркүреусу мен Аспараға су бөлу туралы ереже") құжаттарды басшылыққа алады және Тараптардың өзара келісімі бойынша қажет болған кезде оларды нақтылайды.

6. Шекарадан өту тәртібі

14. Комиссия, Келісімнің 11-бабына сәйкес Тараптардың қарауына осы мемлекеттердің шекарасы мен аумағы арқылы мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы объектілерін пайдалануға және оларға техникалық қызмет көрсетуге арналған персоналдың, машиналар мен тетіктердің, шикізаттың, материалдар мен жабдықтардың кедергісіз және баж салынбай өтуіне жағдай жасау жөнінде ұсыныстар енгізеді.

7. Комиссияның жұмыс тәртібі

15. Комиссия Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының аумақтарында кезекпен өткізілетін өз отырыстарында Тараптар немесе Комиссия өз бастамасы бойынша ұсынатын мәселелерді қарайды.

16. Комиссия келесі отырыстың күн тәртібі жобасын және күнтізбелік жылға арналған өзінің жұмыс жоспарын бекітеді. Тең төрағалардың ұсынысы бойынша Комиссия жұмыс жоспарына өзгерістер енгізуі мүмкін.

Комиссияның қазақстан және қырғыз бөліктерінің тең төрағалары отырыстың күн тәртібіне енгізілетін мәселелерді алдын ала өзара келіседі. Тең төрағалар бұрын күн тәртібіне енгізілмеген қосымша мәселелерді отырыстың қарауына енгізуі мүмкін. Бұл мәселелерді қарауға енгізу туралы шешімдерді Комиссия қабылдайды. Алдын ала жасалған күн тәртібі хат алмасуда келісіледі.

Қажет болған кезде Комиссияның тең төрағаларының біреуінің жазбаша өтініші бойынша кезектен тыс отырыстар өткізілуі мүмкін. Кезектен тыс отырыстарды өткізу тәртібі мен регламентін Комиссияның тең төрағалары бекітеді.

17. Комиссияның келесі отырысын шақырудың орны мен уақыты туралы шешім алдыңғы отырыста немесе отырыстардың арасындағы кезеңде тең төрағалардың бірінің жазбаша ұсынысы бойынша қабылданады. Жазбаша ұсынысқа жауап ұсынысты алған күннен бастап бес күннен кешіктірмей берілуі тиіс.

Егер, Комиссияны шақырудың ұсынылған уақыты немесе орны қандай да бір себептермен қолайсыз болса, онда тиісті Тарап өз жауабында отырысты шақырудың қалаулы уақыты мен орнын бір уақытта ұсына отырып хабарлайды.

18. Комиссияның отырысына елінде отырыс жүріп жатқан Комиссия бөлігінің тең төрағасы төрағалық етеді. Тиісінше, басқа Тараптың тең төрағасы тең төрағаның орынбасары болып табылады.

19. Комиссия шешімдерді консенсус негізінде қабылдайды. Қандай да бір мәселе бойынша келіспеушіліктер болған жағдайда Тараптар қосымша кеңестер өткізеді және осы мәселелерді Комиссияның келесі отырысында қарайды.

20. Комиссия бірінші отырыста отырысты өткізу тәртібін, рәсімін және регламентін қарайды әрі қабылдайды және өздерінің рәсімдік ережелерін нақтылауға оның құқығы бар.

21. Комиссияның ресми тілдері қазақ, қырғыз және орыс тілдері болып табылады.

Комиссияның отырыстарында жұмыс тілі орыс тілі болып табылады.

22. Отырыстың нәтижелері бойынша хаттама жасалады, онда әрбір мәселе жеке параграфпен көрсетіледі. Хаттама екі данада жасалады. Оларда мәселелердің талқылану барысы, қабылданған шешімдер, сондай-ақ орындаушылар мен орындалу мерзімі белгіленеді. Комиссия хаттамаларды мақұлдағаннан кейін Тараптың тең төрағалары хаттамаларға қол қояды.

Әрбір Тарап хаттаманың бір-бір данасын алады.

23. Комиссияның тең төрағалары отырыстарда Комиссияның алдыңғы отырыстарында қабылданған шешімдерді орындау бойынша Тараптар қабылдаған іс-шаралар туралы хабарлайды.

24. Комиссия мамандандырылған, ғылыми-зерттеу, жобалау және пайдалану ұйымдарының сарапшыларын уақытша немесе тұрақты негізде жұмысқа тартуы, уақытша немесе тұрақты жұмыс істейтін жұмыс топтарын құруы мүмкін.

25. Комиссия Тараптардың сарапшыларына Комиссия отырысында қарау үшін әр

түрлі мәселелер бойынша ұсыныстар дайындауды тапсыруы мүмкін.

26. Комиссия мүшелері мен тартылатын сарапшылар, қажет болған кезде істің жағдайымен сол жерде таныса алады және ведомстволық тиесілілігіне және меншік нысандарына қарамастан, осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген ұйымдар мен объектілерге кедергісіз баруға олардың құқығы бар.

27. Әрбір Тарап Комиссия құжаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

28. Комиссия жыл сайын өткен жылдың қорытындысын шығарады және алдағы жылдың жұмыс жоспарын бекітеді. Бір жылғы қызметтің қорытындылары бойынша Комиссия жылдық есептерді қарайды және бекітеді.

29. Комиссия мүшелерін, жұмыс топтарының өкілдерін және сарапшыларды іссапарға жіберу, олардың жолақысы, қонақ үйде тұруы және _____ жөніндегі шығыстарды әрбір Тарап өздері көтереді.

30. Комиссия отырыстарын, сарапшылардың кездесулерін ұйымдастыруға және өткізуге байланысты шығыстарды аумағында көрсетілген іс-шаралар өткізілетін Тараптың мемлекеті көтереді.